

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті  
Психология негіздері және коммуникативті дағдылар кафедрасы

*Тақырыбы: Дәрігер кәсіби имиджі және кәсіби  
бейімділігі*

*Орындаған: Бекмахан А.*

*Тобы: ЖМ-1003*

*Тексерген: Мусабекова А.С.*

*Қарағанды 2017*

# Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Дәрігердің кәсіптік қызметтегі алатын орны
2. Дәрігердің басшылық қызметтегі компотенттілігі
3. Дәрігер мен науқастың арасындағы қарым-қатынас

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер



Врач и Пациент, Physician and Patient

© Astroid / Фотобанк. Лори



lori.ru/114819

## Дәрігердің кәсіптік психологиялық мәдениеті.

Теориялық немесе  
концептуальды

Тәжірибелік немесе  
психологиялық

Теориялық  
қызметтің  
нәтижелері

Психологиялық  
қызмет көрсету  
нәтижелері

Осыған орай, дәрігердің қызметі кәсіптік бақылау құндылықтарымен, мақсатымен, психологиялық мәдениетімен байланысты ішкі инстанциялардың құрылуымен жүреді.

Дәрігердің  
психологиялық  
компотенттілігінің  
және кәсіптік  
қызметінің  
ерекшеліктері мен  
құндылықтары

“Дәрігер –  
науқас”  
шартында  
коммуникативті  
компотенттілік

Ауруға  
социопсихосома  
тикалық  
қатынас, себебі  
ақпарат  
жинап, диагноз  
жеткізуде, нұсқау  
беруде  
қолданылады

Жалпы  
адамшылық  
мәдениеті, оның  
жеке психология  
лық аспектілері

Жас мамандарға  
науқас  
психикасының  
ауру салдарынан  
өзіне деген  
қатынастың  
өзгеруі

## **Дәрігердің коммуниктивті компетенттілігі – науқаспен қарым – қатынас құру негізінде...**

- 1. Науқастың вербальды және вербальды емес қатынасу белгілерін дұрыс танып біліп, одан іске қатысты қажетті ақпаратты мейлінше көбірек алу;*
- 2. Тиімді диагностика жасау тек қана тәндік симптомдарды анықтау ғана емес, сонымен қатар соматикалық симптомда оның психологиялық және әлеуметтік табиғаттарын анықтау, емнің басқаша жоспарын талап етеді;*
- 3. Тиімді коммуниктивті дағдылардың науқасқа тағайындалған емін қабылдауға және науқастың емді құптауына оң әсер ететіндігі зерттелді, тағайындалған емге бойын ұсынбау медицинаның күрделі мәселесі болып табылады ( “Дәрігер – науқас” мәселесінің кеңестері, 15-18 маусым 1996ж. Женева, Әлемдік денсаулық сақтау бірлестігі)*
- 4. Науқастарға адекватты медициналық ақпараттарды жеткізу және денсаулықты жақсартуда , сонымен қатар аурудың алдын алудағы салауатты өмір сүруге насихаттау арқылы дәрігер рөлін жоғарылату;*
- 5. Аурудың әр – түрлі көріну формаларына әсер ету және компенсаторлы механизмдерді белсенділеу, науқас тұлғасының психосоматикалық потенциалын жоғарылату , оның әлеммен байланысын қайта қалпына келтіруге көмектесу, үйреншікті қорқынышты жеңу , аурумен пайда болған стереотиптерді бұзу және сау көзғарасты тудыру;*
- 6. “Дәрігер- науқас” қарым – қатынасындағы ерекше деликатты жағдайларда дәрігерлердің тиімді әсері , мысалы науқастың жазылмайтын аурумен ауруы немесе науқас туыстарына оның қайтыс болатындығы жөнінде жеткізу т.б.*

*Кәсіптік ортада және қоршаған ортасында жетістікті қызмет етуде тұлға аралық құралып, кәсіптік тәжірибе жинау – дәрігердің коммуникативті компетенттігін сипаттайды. Бұл анықтамада компетенттік тек индивидтерге тән қасиеттерге байланысты емес, яғни қоршаған орта өзгерістерімен, маман – дәрігердің әлеуметтік мобильдігіне байланысты екені көрсетілген.*

*Коммуникативті компетенттік – адамдар арасында шыңдалып, құралатын қатынас, тұлға аралық тәжірибе. Дәрігердің коммуникативті мәдениетінің тағы бір көрінісі - науқастың жеке қасиеттеріне тәуелсіз, науқасқа оң эмоциональды қатынасына кәсіптік көзғарастармен қарап, дәрігердің медициналық қарым – қатынасына коммуникативті дағдылардың және біліктілігінің толық кешенінің болуымен сипатталады.*

*Дәрігердің коммуникативті компетенттілігінің құралу мәселері тәжірибелік аспектілерде кең тараған, отандық денсаулық сақтаудың сырқатқа және денсаулыққа әлеуметтік психосоматикалық әрекеті және дәрігер - науқас арасындағы емдік үрдістегі терапиялық бірлестікті жақсарту;*





## Дәрігердің қоғамдық ортада өзін ұстау қасиеті

Медициналық этикет қызметкерлер арасындағы субординацияны қатаң ұстанады, яғни лауазымы төмен қызметкерлер лауазымы жоғары қызметкерлерге бағынады (медбике дәрігерге).

Бұл—дисциплинаның сақталуына, коллективтегі “Сіз” атты бір-біріне деген құрметтің қалыптасуына, науқастарға қарау кезіндегі тәртіптің болуына, басшылардың авторитетінің қорғалуына оң әсер етеді.





## *Есте сақтау керек:*

- Басшы дәрігер медициналық қызметтегі дәрігерлердің алдында өз білгенін, диагностикадағы біліктілігі мен икемділігін асыра көрсетпеген жөн;
- Басшы дәрігер науқастың, оның туыстарының алдында дәрігер не медбикенің қателіктерін айтпау тиіс;
- Басшы дәрігерлер де қызметкерлер де өзара субординацияны сақтап, жасы, жынысына қарамастан “Сіз” деп араласқан жөн.

## Дәрігермен науқастың арасындағы қарым-қатынас кезінде ұсталынатын ережелер:

- ❖ Дәрігер науқасты барлық артық – кемшіліктерімен қабылдау керек.
- ❖ Оның ойы мен қалауын сыйлау керек.
- ❖ Науқастың адамгершілік қасиетін таптамау керек.
- ❖ Уәдені орындай алмаса, науқасты босқа үміттендірмеу.
- ❖ Шындық қаншалықты ащы болса да, тәтті болса да оны науқасқа жаймен жеткізу керек.
- ❖ Науқастың дәрігерге деп сенілген ақпаратты таратпау.



1. Жақсы дәрігер науқастың шағымын сөзін бөлмей, мұқият тыңдайды. Ол аурудың туындау себебін сырқаттың жұмысы, өмір салты мен отбасылық жағдайынан да іздеуге тиіс. Өйткені, адамның әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйі де денсаулығына әсер етеді ғой.

2. Жауапты дәрігер өзінен бұрынғы дәрігерлердің тағайындаған емін де назарда ұстауы тиіс. Науқастың бұрын немен ауырғанын, қалай емделгенін анықтауы керек.

3. Адал дәрігер науқасқа БАД-тарды тықпаламайды, дәрілерді «тек мына дәріханадан ал» деп тапсырмайды. Алдындағы адамның қалтасының жағдайын да ескереді.

4. Түсінігі бар дәрігер өзінің білімін, дәрежесін көрсетуге тырыспайды, барлық ауруды емдей аламын деп мақтанбайды. Ол науқаспен тең дәрежеде сөйлеседі.

5. Тәуір дәрігер дерті асқынған науқастың мекен-жайы мен телефондарын жазып алады, қинала қалса қай кезде де хабарласуға рұқсат деп өзінің де нөмірлерін жазып береді. Яғни, ол кез келген уақытта көмектесуге әзір тұруы тиіс.

6. Көзі ашық дәрігер әрбір дәріні не үшін, қай кезде және қалай ішу керектігін қарапайым тілмен түсіндіреді және науқас толық жазылғанша оны бақылауда ұстайды.

7. Адамгершілігі бар дәрігер ауырып тұрған адамды «анализ тапсыр» деп, әуре-сарсаңға түсірмейді, оның жағдайын түсінуге тырысып, кей жерлерден кезексіз өтуге көмектеседі.

8. «Дұрыс» дәрігер науқастың ебедейсіздігін сынап, қателігіне ұрыспайды, ондай сәттерді елемеуге тырысады, еңсесі түскен адамға сөз жәрдемін береді.

9. Іскер дәрігер науқастарды есігінің алдында кезек күттіріп қойып, өзі басқа бөлмеге шай ішуге кетпейді. Сырқат жанды сарсылтпай, тез қабылдап, тез жібереді.

10. Иманды дәрігер науқасқа көмектескенін міндет етпейді, үлкенді де, кішіні де жылы жүзбен қарсы алып жақсы сөзбен шығарып салады.

# Медициналық қызметкер қандай қасиеттерге ие болуы керек?

- Моральдік-шыдамдылық, батылдық, нәзіктік, шыншылдық, адалдық, қарапайымдылық, еңбексүйгіштік, қамқоршылық.
- Эстетикалық-сөзсіз таза сырт келбет, жаман әдеттердің болмауы, тазалық.
- Интеллектуалдық-эрудиция, инициативалық, логикалық, жоғары дәрежелі медициналық қызметкер болып қалыптасуға деген талпыныс.





# Дәрігердің қасиеттері:

Адамгершілік



Еңбекқорлық

Шыдамдылық



Тазалық

Сабырлық



Ізеттілік

Парасаттылық



# Дәрігер мен науқастың арасындағы қарым-қатынас

Дәрігердің науқаспен жақсы тіл табыса алуы болашақ емшараны жүргізуге оңынан ықпалын тигізеді. Қарым-қатынас орнау үшін, ең бастысы науқастың дәрігерге деген сенімін қалыптастыру. Оған дәрігердің өзін-өзі ұстауы, киген таза киімі, яғни колпак, халаттың үтіктеулі болуы, жаққан далабы қатты көзге түспейтін, иіссуы өте өткір болмауы, жүрген жүріс-тұрысы бәрі де науқаспен арасындағы контактіге әсерін тигізеді.



# Қорытынды

Өмірде екі маман иесінің жұмысы өте жауапкершілікті, яғни “Өмір мен өлімді” шешетін жайға жауап береді екен. Соның бірі – бомбы табушы “сапёр” болса, екіншісі адам өмірін аралаушы - “Медицина қызметкерлері яғни, дәрігерлер” екен. Кез-келген дәрігер де, мейірбике де емделушіге тәуелсіздікті, өзі мен қоршаған орта арасындағы үйлесімді тез қайтару үшін қолынан келгеннің бәрін істеу керек. Бұл жолда емделушінің барлық проблемаларын шешуге тура келеді—физикалық, әлуметтік, рухани, психологиялық. Вирджини Хендерсонның жақсы анықтамасы бойынша: “Біздің міндетіміздің бірі—адамның денсаулығына, сауығуына және тыныш өліміне қатысы бар іске көмек көрсету” болып табылады.

## Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://www.google.kz>
2. <http://www.medinfo.ru>
3. [stud.kz](http://stud.kz)
4. <http://akzhelken.my1.ru/>
5. [kaznmu.kz](http://kaznmu.kz)